

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ, АРХИВТЕР ЖӘНЕ ҚҰЖАТТАМА БАСҚАРМАСЫ
ҚР БФМ ФК А.Х. МАРҒҰЛАН АТЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІ

АКИМАТ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ
УПРАВЛЕНИЕ КУЛЬТУРЫ, АРХИВОВ И ДОКУМЕНТАЦИИ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ
ИНСТИТУТ АРХЕОЛОГИИ им. А.Х. МАРГУЛАНА КН МОН РК
АКТЮБИНСКИЙ ОБЛАСТНОЙ ИСТОРИКО-КРАЕВЕДЧЕСКИЙ МУЗЕЙ

«ҚАДЫРБАЕВ ОҚУЛАРЫ - 2020»

VI ХАЛЬПАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ

(2020 жылғы 27-28 қараша)

МАТЕРИАЛЫ

VI МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ

«ҚАДЫРБАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ – 2020»

(27-28 ноября 2020 года)

Актобе 2020

частично, и первоначальный смысл этих обрядов забыт.

Литература и источники:

Басилов Б.Н. Избранники духов. М., 1984

Бижанова А. Полевая запись №6, №12, 1998 г.

Есбергенов Х., Атамуратов Т. Традиции и их преобразование в городском быту каракалпаков. Нукус, 1973.

Кнорозов Ю.В. Мазар Шамун-наби // СЭ, №2, 1949

Снесарев Г.П. Реликты до мусульманских верований и обрядов у узбеков Хорезма. М., 1969

Суюнова А. Обряды, связанные с рождением детей у городского населения Туркменистана // Очерк этнографии населения Южного Туркменистана, Ашхабад, 1979

Толстов С.П. Древний Хорезм. М., 1948

ҚАЗАҚ ӨЛКЕСІНДЕГІ РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫң РУХАНИ-МӘДЕНИ БАҒЫТТАҒЫ ОТАРЛАУ САЯСАТЫНЫң КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРИ

А. Ж. Дауесова

Қазіргі Қазақстан жері сонау көне замандардан бері Еуропа мен Азияның тоғысқан жерінде орналасып, әртүрлі өркениеттерді, мәдениеттерді және халықтарды жағастырып тұрған «көпір» іспеттес болды. Бұл жерде көшпелілер мәдениеті мен отырықшы өркениет қатар дамыды. Дегенмен, тарих тәлкегімен XҮІІ-ХІХ ғасырларда Еуропалық Ұлыбритания, Германия, Франция, Ресей империялық державаларының отарлар жаулап алу бәсекелестігі барысында, Шығыс пен Батыс тораптың тоғысында орналасқан Қазақстан арқылы өтетін сауда жолын отарлау Ресей империясының еншісіне тиді. Әлемдік өзге империялық мемлекеттерге қарағанда-патшалық Ресейдің өзіндік отарлар жаулап алу жүйесі қалыптасты. Қазақстанды отарлау саясаты тарихшы М.Қ.Қозыбаевтың сөзімен айтсак: «Ресей отарлары арзан, жол салуы жеңіл, көшпелі өркениетті халықтарды алдап-арбау өнерімен сатқын, шоқындылар арқылы тез игерілді». Қазақстандағы Ресейдің отарлау саясаты саяси-әлеуметтік өзгерістерге қарай бейімделіп, жетілдіріліп отырылды. Ал мұны жүзеге асыру үшін-қазақ халқын рухани-мәдени игеру занды құбылысқа айналды. Бұл мақсатты жүзеге асыруда рухани-мәдени отарлау саясатының басты нысаны, негізгі құралы Ресеймен шекаралас жатқан Кіші жүз бен Бекей Ордасы болды.

Империялық санаға Византия мен Рим империясының “Мұрагері” Ресейдің басқа халықтардың тағдырына “құдайлық” негізде де, “табиғи құқықпен” де билік ету құқығына сенімділік негіз болды. Әлемдік мемлекеттер тарихының тәжірибесі көрсеткендегі доктринаға сәйкес алғанда, мемлекеттің күш-қуаты және билік етуші монархтың даңқы оған бағынышты аумақтың

мөлшерімен және бодандарының санымен анықталады, ал соңғыларын алу үрыс аланындағы жеңістің не дипломатиялық курестің күрделі, айлашарғылардың табиғи нәтижесі болып табылады. Осы тәжірибеі негізге алған I Петр Астраханда бірсыптыра уақыт болып, «баяғы заманнан естіліп келген және сол кезде беймәлім деуге болатын қыргыз-қайсақ ордаларын» Ресей бодандығына келтіру туралы тілек білдірсе, кейін осы миссияда тілмаш міндеттін атқарған атақты елші А.И.Тевкелевке «Миллионға дейін жұмсалса да, аса көп шығындарға қарамастан жан-тәнін салуда, түптеп келгенде, бір парастағазбен-ак Ресей империясының қарамағында болуға міндеттенетін болсын» деп тапсырган империялық мақсат өз саясатын іске асыруға кіріседі (Уәлиханов Ш.Ш., 1985, 87 б.).

Шындығындада, Қазақстан тарихында XVIII–XIX ғасырлар саяси шиеленісті өте ауыр кезең еді. Ел ішіндегі жалпы хандықтағы өзара теке-тірес, оның үстіне жаугершілік заман ағымымен XVIII ғасырдың ортасынан қазақ халқы отаршылдық саясаттың құрбанына айналды десек, бұл жөнінде қалам тартқан алғашқы қазақ ғалымы, шығыстанушы Шоқан Уәлиханов: «XVIII ғасырдың алғашқы он жылдығы қазақ халқының өмірінде жантүршігерлік қасіретті кезең болды. Жонғарлар, Еділ қалмактары, Жайық казактары, башқұрттар кеп жан-жақтан қазақ ұлыстарын ойрандады, кірінтарлыққа салды»-деп елдің ауыр халін суреттеп, Ресей империясына бодан болудың басты себебін көрсетін береді (Шонанұлы Т. 1995, 224 б.).

Патша өкіметтің отарлау саясатының негізгі мақсаты қазақ даласын түпкілікті билеу еді. Осы ойын жүзеге асыру үшін бірнеше реформалар жасалып, әуелі елдік ұйтқымызды жойып, этникалық бірлігімізден, содан кейін ұлысмызды бөлшектеп, жеке-жеке губернияға бөлін, жер тұтастымыздан айырды. Бұл саясатын отарлаушы империя асықпай өте сақ жүргізе бастады. Яғни еліміздегі Патшалық Ресейдің рухани-мәдени отарлау саясатын саяси-экономикалық, әкімшілік-әлеуметтік отарлау тарихынан іздестіруіміз керек. Еліміздегі осы мәселе төңірегінде қалам тартқан іргелі ғалымдар ішінде XVIII-XIX ғасырдағы Қазақстанның жаңа тарихын зерттеуші маман С.М.Мәшімбаев тұжырымдамасына сүйенсек, ғалым отарлау саясатын З кезенге бөлін қарастырады (Мәшімбаев С.М., 2000 ж., 56.). Бұл ғылыми тұжырым шындыққа сәйкес келеді.

Біріншіден: 1731 жылдан-1822 жылға дейін созылған ел билеу жүйесіндегі протектораттық дәүір. Бұл кезенде патша өкіметі ел билеудің бұрынғы хандық жүйесін сактап, елдің ішкі тірлігіне онша араласпай, қазақ елін өздеріне бағынышты болған хандар мен сұлтандар арқылы басқарды. Онан соң Кіші жүзде хандықты жойып, оның орнына сұлтандық жүйені енгізді. Біртіндеп халықты тәуелді етін, Ресейдің әкімшілік басқару жүйесін енгізе бастады.

Екіншіден: 1822 жылдан-1867 жылға дейін созылған әскери-отарлау кезеңі. Бұл кезенде Ресей империясы әскери қанды жорықтар арқылы жергілікті халықты шұрайлы қонысынан қуды. Қазақтардың орнына алғашқы кезенде орыс-казак отаршыларын әкелді.

Үшіншіден: 1867-1891 жылдары қазақ жеріне орыс шаруаларын әкелін қоныстандыра бастады.

XIX ғасырдың өзінде-ақ Кіші жүз жеріне қашқын казактар-орыстар келе бастады. Ал, ортақ алып қарасақ Қазақстан аумағына аяқ басқан алғашқы казак-орыстардың көсібі балық аулау, ел тонау болғаны белгілі. XIX ғасырда орыс тарихшысы А.И.Левшиннің зерттеулеріне қарағанда, Жайық бойына қашып келген алғашқы казактардың саны 40 адам болған. Сондықтан, солар көп жерді иемдене алмаған. Ал XVI ғасырдың орта шеніне қарай олардың қатары арта түседі. Бұған дейін казактарға өлдердегі өш болып келген орыс патшалығы ендігі жерде оларды жақын тартып, өз мұддесіне пайдалануды ойластыра бастайды. Бұрын өз беттерімен тоз-тоз болып жүрген казактар I Петрдің кезінен бастап, патша тағына бас иіп, қызмет етуге тиіс болды.

Ал казактар болса ендігі жерде қазақ жеріне бекініс сала бастағанда орыс мемлекетіне арқа сүйеді. Ал Ресей империясының оларға қолдау көрсетудегі түпкі мақсаты-қазақ жеріне бірте-бірте қол салу және уақыт өте келе қазақ халқын біртіндеп орыстандырып жіберу екендігі күмән тудырмайды. Тіпті 1581 жылы қанды қол казак Ермак бастаған баскесерлер тобы да Қазақстанның Солтүстік шебіне тап осындай арам пиғылмен жіберілген болатын. Орыс императорының отарлық саясаты күшейген сайын ішкі Ресейден қазақ даласына қарай ағылған басқыншылардың тасқыны арта түсті. Соның салдарынан Қазақстанның солтүстігі мен солтүстік батыс – аймағы (Кіші жүз-А.Б.) халқының этникалық құрамы бұзылып, алуан түрлі бола бастағанын көреміз (Омаров Ә., 1997, 776).

Ал тарихшы М.Н.Сдыков зерттеулері бойынша халықтың көптеп келуін осы ғасырдың бас кезінде былай деп атап көрсетеді: “Орыстардың бұл өлкені отарлауын 2 кезеңге бөлуге болады: біріншісі - өз беттерімен барған ерікті отаршылардың пайда болуы, екіншісі - олардың ізімен патша үкіметінің әскери топтарының ағылуы (Омаров Ә., 1997, 186).

Ерікті отаршылар қатарында шаруалар, баскесер бұзакылар, діни секталардың өкілдері, басқа да қаңғыбастар болды. Олар сол кездегі өмірдің аса ауыр тауқыметінен қашып-пысқандар мен қорғансыз бұратана халықтың есебінен оңай олжага қарық болуды көксеген баскесер, бұзакылар еді. Сөйтіп онда XVI-XVII және XVIII ғасырларда мың-мындаған қаңғыбас қашқындар мен сойқанды содырлар жиналышп үлгерді. Мұны тарихшы Витевскийде мойындаиды.

XVIII ғасырдағы Қазақстанның, оның ішінде Кіші жүздің Ресей империясына қосылуының басты “уағызшысы” елші А.Н.Тевкелевтің алдына қойылған үлкен міндет жүкітеледі. Ол Кіші жүзді Ресей империясына қосылуға көндіру, алым-төлеуге көндіру, орыс тұтқындарын босатып Уфаға аттандыруы керек болды. Осындай мақсатта ол Әбліхайыр хан ордасында екі жыл тұрады. Келген елшінің негізгі саяси мақсаттарын ұққан Кіші жүздің өзге сұлтан топтары арасында ел ішінде оған қарсы дүрбелен басталды.

А.Н.Тевкелев сапарының негізгі мақсатын нақтылай тұсу тұжырымын алғанда елшіге берілген мемлекеттік “нұсқаудың” үшінші тармағы өте құнды

мағлұмат береді, онда Ресей бодандығын қабылдау мәселесінде хан төнірегіндегі алаусыздықтар анықталған жағдайда елшінің еркін тандау жоспарының болуы түсінігіне кілт беріледі; яғни "... хан мен ақсақалдардың және басқада қырғыз қайсақтардың бүкіл нанымы бойынша өз антына адалдығы Ал құранда көрсетіліп, оған қол қойып, оны А.Н.Тевкелевке беретін болсын. Ал егер хан және басқалар одан бас тарта бастаса оларды А.Н.Тевкелев көндірсін" – делінді. Ал өзіне берілген уақыт өтіп жатты. Сонымен бірге, уақыт жылжыған сайын А.Н.Тевкелевтіңде үміті үзілгендей еді, орталықтан Уфада оны сатып алуға дайындық жүріп жатты. Дегенмен, А.Н.Тевкелевтің жоспарының іске асуына керемет жағдай туда қалды. Ол Әбліхайыр ханға қарақалпақ ханы Қайып-Қалидің қосылуы еді және бұл ішкі және сыртқы саясатты ұлken өзгеріс жасады (Маданов Х., 1967, 267 б.).

Бұған қатынасты 1737 жылы «Курантта» жазылған мынадай мәлімет кездеседі: «Мұнда бәрі тыныш және алдыңғы жазда Қазақ-Қырғыз ордасы мен Ташкенттен саудаға көп адамдар жиналды» (Жұбанов А., 1975, 270 б.). Тарихи құжаттардан осы кезде, ХVIII ғасырдың 30 жылдары керуен жолдары ауылдарын басып өтетін қазақ байлары да саудаға қатыса бастағандығы байқалады. 1737 жылы 10 тамызда Орынбор экспедициясы Орынбор комиссиясы болып қайта құрылып, комиссия бастығына орыс ғалымы В.Н.Татищев тағайындалады. Орынбор комиссиясы құрылған күннен бастап комиссия бастығы В.Н.Татищев дереу керуен саудасын дамытуды қолға алып, 1738 жылы Жайық өзені жағасынан айырбас сауда базарын салдырады. Алайда Ресей империясының қарқынды экономикалық бастамасы мен қатар 1738 жылы башқұрт халқының көтерілісі басталады. Бұл тығырықтан шығудың, Орынбор өлкесін сауда-экономикалық орталыққа айналдырудың әрі ең бастысы Орынбор өлкесі халқын бір орталыққа басқаруды ұйымдастыру мен қыншылықтар мен күрестің бар салмағы В.Н.Татищевке түскен болатын. Қолында қаражаты азайған, тіпті әскерді қарапайым тамақпен қамтамасыздандыра алмай отырған В.Н.Татищевке бұл ауыр тиді. Дәл осы кезде қазақ халқын патшалықтың рухани-мәдени отарлау саясатының алғышарттары қалыптасты деп тұжырымдауға толық негіз бар. Оның үстіне өзі әскердегі тәртіпсіздіктері үшін Уфадағы әскер басы Шемякинді әскери сотқа бергені үшін, әлгінің В.Н.Татищев үстінен сенатқа арыз жазуы да, оның үстіне синод Орынбор комиссиясының протопопы ректор Антипа Мартияновтың арызы түскенін хабарлайды. Оның себебі мынада еді: 1738 жылы бүрк еткен башқұрт көтерілісінен сескенген В.Н.Татищев дереу Орынбор қаласында съезд шақырады, оның жұмысына қазақ сұлтандары мен Әбліхайыр хан қатысады. Өйткені, империялық орталық Кіші жүз ханы Әбліхайырдың башқұрт көтерілісін қолдамауы үшін оның алдын алуы керек еді.

Сондықтан, В.Н.Татищевке Әбліхайыр ханды арнайы шақырып, Ресей патшасына адал қызмет ететініне екінші рет ант беруге көндіру міндеті жүктеледі. Бұдан біз Ресей патшасының Орынбордағы тыңшылары Кіші жүз жерінде болып жатқан оқиғалардан әр уақытта хабардар екенін көреміз. Оның үстіне Еділ қалмақтары тағы бар. Үсті-үстіне үдете отырған, қалмақ

шабуылына қарсы Әбілхайырда 22 800 әскер дайындалған. Кейін Дондук Омбо қонтайшы Дорджы Назаров ұлыстарын талқандап, көп тұрғындар алып кетеді. Соған қарамастан, Дорджы мен серігі Лобжа Әбілхайырды Ресей бодандығынан бас тартуға көндірге ниеттенеді. Әрине, бұл хабар патша сарайынада жетеді. Орынбор басшылығы В.Н.Татищев пен А.Н.Тевкелев бірігуімен қазақ әскерін не болсада Еділден асырмауға тырысты, ал тұтқындарды қайтару және қақтығыстарды болдырмау мәселесімен өздері айналысатына сендерді. Сөйтіп, В.Н.Татищев патша өкіметінің бағынышты елдерімен санасатындығын көрсеткісі келді. Сонымен, 1738 жылы Орынбордағы шақырылған арнайы съезде Әбілқайыр хан екінші рет Ресей империясы бодандығын қуаттайтын антқа қол қояды, сөйтіп Кіші жұз өлкесі түпкілікті Ресей империясының қарамағына көшеді. Ал съездке шақырылған Орта жұз сұлтандары Абылай мен Әбілмәмбет келмей қалып, өздерінің көзқарасының басқаша екендігін көрсетті. Сонымен бірге деректерде Орынбордың өз ішіндегі бір жағдай; съездке шақырылғандардың көзінше В.Н. Татищев протопоп Антипа Мартияновты жұрт алдында өзінің ырқына көндіретіндігін, өзінің «күшін» көрсету ойымен мойынына шынжыр байладап көшеде алып жүріп, артынан кеңсеге әкеліп таңертенген қара кешке дейін шынжырлатып ұстағандығы айтылады (Омаров Ә., 1997, 776.)

В.Н.Витевский еңбегінде «нагайбақтар» деген қауым туралы айтылады. Автор оларды «Қырғыз қолында тұрған, Нагайбақ, бекінісі маңында қоныстанған әртүрлі аралас бейнесі пішінде, киіміде сондай тайпалар»-деп атайды. Айтылып отырған бекініс 1736 жылы Қазан жолындағы башқұрттар көтерілісін басу кезінде тұрғызылған. Н.Рычков еңбегінде бұл бекініс орнында бұрын ноғайлар қаласы болған, ал оның жанынан озатын Кола-Елга өзенінің ноғайша аталуы соны дәлелдейді деп көрсетеді. Е.Пугачев көтерілісі кезінде бұл Нагайбақ бекінісін көтерілішілер тартып алып, халқын түгел қырған. Ал қалған ноғайлықтар Қубаньға қоныс аударады. Кейін бұл жерде Нагайбақ атты бір башқұрт көшін келген. Жер жағдайының ыңғайлығына қарай кейін бұл маңға басқада башқұрт, татар және т.б көшпелілер орналасады. Дегенмен, соны келгендердің барлығы алғашқысының есімімен Нагайбақтар деп аталаған кетеді. «Ақыры сонында Нагайбақ бекінісі мен оның маңы қырғыз тұтқындығынан қашқан қашқындар мен шоқынғысы келгендердің мекеніне айналады». Мұндай жағдайлар, яғни тұтқыннан қашу Кіші жүзде саяси тұрақсыздық кезінде кездесіп отырған. Кезінде тіпті И.И.Неплюевтің өзі 1747 жылы қазақ даласы арқылы Орынборға кеткен екі түрік қашқынын губернатордың нұсқауларымен Астраханға апарғызып, Қырым хандығына «бұларға мол азық-түлік пен ақша берін» өз еліне қайтаруды тапсырады. Бірақ мұндай жағдайлар өте сирек кездесті. Көбіне тұтқыннан қашқан қашқындарды Уфада, болмаса Орынборда шоқындырып, оларды Нагайбақ бекінісіне орналастыра берген.

Нагайбақ бекінісінің Уфа мен Орынбордан және орыс қоныстарынан қашқытыры, сонымен бірге христиандық рухтың, яғни жергілікті христиан халқының саны аздығынан, оның әсері жетпегендіктен шоқынған

Нагайбақтықтардың өзге діндегілерден еш айырмашылығы болмады. Оларды тек христианша есімінен ғана танитын еді. Бұл жағдайда «христиандық намысына» тиген И.И. Неплюев әбден мазасызданды, бұндай жағдайға «өз елінің жанқияры» ретінде селқос қарай алмады. Ақыры өзге діндегілердің шоқынғандарға «әсер етуінен қорғау үшін Сенаттың алдында оларды бөлекtek ұстау керектігін» ұсынады (Левшин А., 1996, 82 б.). Ұсыныс барысында өзге діндегілер өздерінің бұрынғы ауылдарына, қоныстарына қайтарылды. Ал шоқынғандар тізімге алынды. Мұнымен қоймай И.И. Неплюев 1746 жылы «шоқынғандардың қамы үшін» Нагайбақ бекінісінде қасиетті Троица құрметіне үлкен шіркеу салдырады.

Рухани істер жөніндегі Уфа провинциясы 1764 жылға дейін христиандық Қазан Епархиясына қарады. Ахонның құрамын Яковлев былай жазады «Бұл жабайы өлкеде орыс отаршылығы мен саудадан басқа миссионерлік қызметте - православ сеніміндегі иерархиялы Орыс шіркеуінің майталмандары, жанашырлары Д.Сеченев, С. Гловаций, Л. Конашевич и В. Григоревич еңбектерінің арқасында кеңінен уағыздалды және тарады. Олар Қазанда Новокрещенская конторыны басқаруға тізбектелін бірінен кейін бірі тағайындалып отырылған (Мәшімбаев С.М., 1994, 175 б.)».

XVIII ғасырдың I жартысындағы Кіші жүздегі саяси жағдайлардағы бетбұрыстар барысында патшалық Ресейдің өлкені рухани-мәдени отарлау саясатына басты алғышарт болған себептердің бірі-Кіші жүздің солтүстігі мен солтүстік-батысында орналасқан башқұрт, қалмақ, татар халықтарының тарихи тағдырластығы, олардың орыс елімен ертерек қоныстас, іргелес болуы себепті жаугершілік жағдайларда олардан пана іздел немесе күшпен қорқытуы, мәжбүрлеуі нәтежесінде христиандықты қабылдан, шоқынуы патшалық Ресейдің қазақтардың да солар сияқты біртіндеп орыстандырып, шоқындыруға мәжбүрлеуге итермеледі. Өзге көшпелі елдерді оңайда, олжалы отарлаудың бір буыны, немесе бір айласы осылайша рухани отарлау деп тапты. Кіші жүзді немесе Орынбор өлкесін түгелдей рухани-мәдени отарлау саясаты Ресей империясы үшін қазақ жерлерін әскери-саяси отарлаудан бөліп қарастырылмады. Дегенмен, өлкеге келген әр басшының, ол И.К. Кириллов болсын, В.Н. Татищев әлде И.И. Неплюев болсын патшалық өкіметтің белгіленген нұсқаулары аясында «өз елінің отан сүйгіш, ұлт жанды империялық тәрбие санатында мемлекеттің саяси мақсат-мұдделерімен бірге өрбіп дамытылып отырылды. Рухани-мәдени отарлау саясатының алғы шарттары XVIII ғасырдың I жартысында осылайша қалыптасып, Ресей империясының қазақ жеріне ішкерілей енуімен өсіп, өрбіп отырды. Ал қазақ халқын патшалықтың рухани-мәдени отарлауы саясатын жүзеге асыруда қазақпен қоныстас башқұрт қалмақ, татарларды рухани игерудегі тәжірибесі жеткілікті еді. XVIII ғасырдың бірінші жартысында Орынбор өлкесінде христиандар 200 000 адамға жетті, дегенімен алда миссионерлер үшін орасан кең дала және христиандардан екі есе көп 400 000 халық тұрды. Басты христиандандыру орталығы, шоқындыратын басты орын Нагайбақ бекінісіне И.И.Неплюев «үлкен үміт артты». Сонымен катар, негізгі тұтқасы

Новокрещенская контораның 1740 жылы 11 қыркүйектегі «Бағдарламасының (Инструкция)» 25-ші тармағында барлық священник, дьякон, шіркеу жанындағы қызметкерлердің қарамағында шоқынған өзге ұлттардың ана тілін менгеруі міндеттелді. «Орынбор өлкесін рухани-мәдени отарлануын зерттеуде үлкен орын алған, әрі ең көп мәліметтер беретін-сөзсіз саяси құғындалған, айдалған әртүрлі христиан текті топтар мен олардың тұрмыс, іс-әрекеттері»-дей отырып, В.И. Витевский мұның сыртында патшалықтың саясатында не мақсат жатқандығын аңғартады. Онда «жана жерлердегі халық санын көбейту үшін, әр түрлі қылмыскерлер жіберіліп, олардың бірі тұрақты қызметке екіншілері жер өндеу т.б қара жұмыстарға, үшіншілері ауыр қылмыс жасағандары шахтадағы жұмыстарға пайдалануы керектіген» айтады. Алайда бұл саны көп сапасыз, еш пайдасыз жұмыскерлер болды. Княз Урусов басшылығы кезінде; «Орынборға айдалғандардың көбі қызметке де, еш шаруағада жарамсыз қартайған, әл-қуаты кеткен бейбақтар» екендігіне шағым жасайды. Кейін 1744 жылы 29 наурыздағы сенат нұсқауы бойынша И.И. Неплюев өтінішімен Орынборға саудагерлер, шеберлерімен қолөнершілер жіберіле бастайды.

Орынбор шекаралық комиссиясының кеңесі казактардан және орыс-казак бекіністерінен келін түсken іс-қағаздар мен әртүрлі арыздар қаралып, арнаулы комиссия мәжілісі өткізіліп тұрған. Комиссия мәжілісіне қатысуы үшін Кіші жүздегі үш ірі рудан (Байұлы, Әлімұлы, Жетіру – АБ.) сұлтандар сайланып жіберіліп отырылған. Ол сұлтан ел ішінде беделі бар адам болуы шарт еді. Орынбор шекара комиссиясының тұнғыш төрағасы болып, генерал-майор Баяхметов тағайындалды. Комиссияның бірінші мәжілісі 1800 жылы қаңтардың 12 күні Орынбор қаласында шақырылған. Оған Байұлы руынан сұлтандар Нұркө Карабаев және Нұрмұхамбет сұлтан қатысқан (Бірімжаров Б.Қ., 2000, 21 б.).

Негізінен комиссия қызметіне барымта, жер дауы, орыс-казак бекіністері комендантарының арызы және қазақ жеріндегі болып жатқан түрлі оқиғалар қаралған. Сонымен қатар Кіші жүзі жері арқылы өтетін сауда керуендерімен бірге Хиуа, Қоқан, Бұқар хандықтарына арнаулы барлаушылар мен тыңшылар жіберіп, Орта Азияда болып жатқан жағдайлар туралы өте құпия мәліметтерді алып отырған.

Ал 1805 жылы 9 мамырда Орынбор генерал-губернатор Л. Волконский Кіші жүз сұлтандары мен старшиандарына үндеу таратады. Онда: “Қазақ даласында тыныштық бұзылып барады, әкімшілік нұсқаулардың орындалмауы мені қатты ойландыруды... Сондықтан, патша ағзам маған Кіші жүз даласында тыныштық орнатуды тапсырды. Ал мен жаңадан әскери отрядтар жасақтап, ішке жіберуге шешім қабылдадым,” – десе одан әрі “Әр рудан бір-бірден рубасы сайланыздар да оларды маған, Орынборға жіберіңдер. Оларға Ордада тәртіп орнатудың жолдарын түсіндіруім керек,” – деп өзіне сендіре жариялады (Жақсығалиев Ж.Ж., 1999, 67 б.).

Сөйтін, 1822 жылы Кіші жүздің Орынбор қазақтарын басқару үшін генерал-губернаторы Эссен жана заң жобасын ұсынады. Бұл жоба сыртқы істер

министрлігінің Азия департаментінде 1824 жылы Эссеннің жобасы бекітілді. Бұл жобаны жасауда 1822 жылы қабылданған Сперанскийдің ұсынған жүйесі негізге алынады. Онда (Сібір қырғыздарын басқару туралы ереже) VI тараудың III бөлімі «Установление духовные и по части народного просвещения « – деп аталады. Бұл бөлімнің 243 параграфына назар аударсақ “Поелику вера киргиз–кайсаков по сие время в сущности более языческая , нежели магометанская , то представляется надежда к обращению многих из них в христианство. Областное начальство может испросить особенную в степь миссию, с тем чтобы действовала она одними увещаниями и убеждениями без малейшего принуждения?” – деп рухани отарлау саясатының бет – бейнесін ашық көрсетін берді.

Ресей империясының орталық-аралық аймақ – Қазақстанның маңызды стратегиялық орны нақ осы XIX ғасырдың 20 жылдарынан бастап неғұрлым айқын көрінді. Батыстан – шығысқа, Ауғанстан мен Үндістанға баратын сауда – керуен жолдары Қазақстан арқылы өтетін, тек осында ғана мықтап орналасып алып, содан соң Орта Азиялық хандықтарға қарсы жорықты іске асыруға кірісуге және одан әрі Орта Азияға кеуlep ену мүмкіндігі туды.

XIX ғасырдың 30–40 жылдарында Патшалық Ресейдің Кіші жүзге билігі күшеген кезде Кіші жүзді түгелдей, әсіресе ең шалғай өнірлері онтүстік-батысы – Манғыстау қазақтары мен Сырдария бойындағы қазақтарды бағындыруды патша өкіметі мемлекеттік деңгейде ойластырады. Бұл кезенде патшаның құпия нұсқаулары үсті–үстіне шығарылып, жергілікті қазақтарға білдірмей арнаулы барлаулар ұйымдастырылып отырды. Әдетте отарлық империялар жаңа елдерді бағындыруды зерттеу жүргізуден бастап, жергілікті халықтың тұрмыс–салтын, шаруашылығын, оның байлығын, халықтың мінездікілігін өте жақсы біліп алады да, отарлаудың алғашқы шараларын жүргізеді.

1847 жылы Сырдарияның оң жағасындағы Ресей шекарасын қорғау мақсатында бұл жерді Орынбор корпусынан арнайы бөлек әскери топ (команда) аттандырылып олар Райым бекінісін тұрғызады.

1853 жылы жаңа үш бекініс: Қазан, Қармақшы және Қуандария бекіністерінің іргесі қаланып, бірінен кейін бірі кезектесе орналасуына байланысты бұл бекіністер № 1, 2, 3 форттар деп аталады.

Ал 1854 жылы Сырдария линиясының әскери құрылышы туралы ереже (положение) бекітіледі. Ереже бойынша Сырдария линиясының басқару - әкімшілік және азаматтық басқару (қырғыздарды игеру үшін бас штабы) құрылымы көрсетіледі.

Басқарушы линия – бас штабқа № 1, 2, 3 және Перовский (бұрынғы Қоқан қасында болған Ақмешіт бекінісі) форттары, Джулеп бекінісі мен Арал флотилиясы кірді.

1865 жылы 5 наурызда Түркістан облысының құрылудына байланысты Сырдария линиясының әкімшілік басқару құрылымы мен басқару құқығы (должность командающего) өз күшін жояды (Жұбанов А., 1975. 1216.)

Одан әрі құжаттарда Линияның штаб–офицерлерінің әскери қызметтері мен жеке қасиеттері (личные качества) туралы құпия мәліметтер жинақталған.

Материалдар 1856 жылдың 27 сәуірінен - 1859 жылдың қарашасына дейінгі кезенді қамтиды.

1815 жылдың 12 желтоқсанындағы указ бойынша Ресей қарулы қүштері екі армия мен жекелеген корпустарға бөлінеді. Жекелеген корпустар деп – армияға тәуелсіз бөлек жеке іс-әрекеттер жасай алғатын әскери орталықтарды атады. Солайша, жеке Орынбор корпусы құрылады. Корпустың міндептіне оған бөлінген территориядағы тәртіпті қадағалау, әскери іс-шаралар жүргізу патша өкіметінің жергілікті халыққа қатысты саясатын іске асыру кірді.

Сонымен, Қазақстан Ресей империясы құрамында отар ел болғандығы, Ресейдің отарлаушы-метрополиялық ел болғандығы тарихи шындық, ал қазақты рухани мәдени отарлау ісі алып жүйенің бір ғана тармағы. Және ол қарама-қайшылықтарға толы кезең болды.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер:

1. Алдамжаров З.А. Тарихымызды білімдарлықпен қалыптастыру келешек үшін қажет. Егемен Қазақстан, 1998, 9 шілде.
2. Аспендияров С. Қазақстан тарихының очерктері (оқу құралы). – Алматы, «Санат», 1994.-120 б.
3. Әбішев Г. Қазақстанның Россияға қосылуының прогрестік маңызы. Алматы, Қазақ мемлекет баспасы, 1953.- 88 б.
4. Бірімжаров Б.Қ. Батыс Қазақстан тарихынан (ХVIII-XIX ғғ.) Орал, 2002,156б.
5. Жақсығалиев Ж.Ж. Әбілқайыр хан және Қазақстанның Ресейге қосылуы. //Қазақ тарихы, Алматы, 1999, №6, 80 бет;
6. Жұбанов А. Фасырлар пернесі. Алматы, Жазушы, 1975.- 400б.
9. Қазақстан тарихы(көне заманнан күні бүгінге дейін)III том, Алматы, “Атамұра”,2002,-768 б.
- 10 Левшин А. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. Спб 1832. Под общей редакций акад. М. Козыбаева, -Алматы, “Санат”, 1996,-656 стр.
11. Маданов Х. Қазақ мәдениетінің тарихы. Алматы,“Қаржы-қаражат”, 1998,-336б.
12. Мәшімбаев С.М. Патшалық Ресейдің Қазақстондағы мемлекеттік басқару мекемелерінің тарихы. Алматы, Қазақ Университеті, 2000.
13. Мәшімбаев С.М. Патшалық Ресейдің отарлық саясаты. Алматы, “Санат”, 1994
14. Мырзахметов М. Қазақ қалай орыстандырылды. Алматы, 1993, 128 бет
15. Омаров Ә. Қазақстондағы ағарту ісі және Патша өкіметінің отарлық саясаты. Алматы, Республикалық баспа кабинеті, 1997,-776
16. ТажибаевТ. Просвещение и школы Казахстана во второй половине XIX века. Алма-Ата, Казгосполитиздат,1962,506стр.
17. Уәлиханов Ш.Ш. Шығармалар жинағы. 4-том, Алматы, 1985.
18. Шонанұлы Т. Жер тағдыры – ел тағдыры. Алматы, Санат,1995, 224 б.